

тұқымдық сапаларды қалыптастыру ерекшеліктері зерделенді және Қазақстан Республикасының Бағалы генетикалық ресурсы ретінде Қостанай тұқымы жылқыларын сақтау және жетілдіру перспективаларын айқындады. Зерттеу үшін 167 бас іріктелді, оның ішінде 38,3 % ересек жануарлар және 61,6 % жас жануарлар. Зерттеуде алынған нәтижелер асыл тұқымды өсірудің негізгі әдістерінің бірі негізінде Болашақ тұқым өсіру бағдарламаларында қолдануға болатын маңызды ақпаратты береді, бұл сызықтар бойынша өсіру әдісі. Бізді қызықтыратын генотиптерді, 464 неонның, 44 Форттың сызықтарын зерттеу Қостанай тұқымының қазіргі заманғы жылқыларының массивінен ең жақсы айғырларды анықтауға және оларды тиісті сызықтардың құнды экономикалық пайдалы белгілері бар жалғастырушы үміткерлер ретінде тағайындауға мүмкіндік берді.

ӨОЖ 636.1:636.082.21

FTAXP 68.39.7

DOI 10.56339/2305-9397-2022-3-2-78-86

Турабаев А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, **негізгі авторы**, <https://orcid.org/0000-0003-0231-5714>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан к., 51, 090009, Қазақстан turab66@mail.ru

Айешева Г.А., экономика ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0002-4443-5714>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан к., 51, 090009, Қазақстан, gulshat74@bk.ru

Turabayev A., candidate of agricultural sciences, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0003-0231-5714>

NJSC «Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, turab66@mail.ru

Aiesheva G.A., candidate of economic sciences, <https://orcid.org/0000-0002-4443-5714>

NJSC «Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, gulshat74@bk.ru

ТАБЫНДЫ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ ECONOMICS OF HERD HORSE BREEDING

Аннотация

Қазіргі жылқы еті өндірісін жан-жақты сипаттай отырып, еліміздің көптеген шаруашылықтарында жылқы шаруашылығы резервтері әлі де толық пайдаланылмай келетінін байқауға болады. Жылқы еті өндірісінің басты резервтерінің бірі – жылқыларды тудырып, көбейту болып табылады. Көптеген жылқы шаруашылықтарында 100 биеден құлын алу үлесі 45-50% - дан аспайтынын көріп келеміз. Бұл өте төмен көрсеткіш. Сондықтан, көбеюге жарамды биелер мен айғырлар үлесін арттыру қажет.

Елімізде материалдық базасы толық қамтылған, асылдандыру жұмыстары жолға қойылған шаруашылықтарда баршылық. Бұл шаруашылықтарда әрбір 100 биеден орта есеппен 70%, ал кейбір селекциялық жұмыстар мен зоотехникалық іс-шаралар тереңдетіп жүргізілетін шаруашылықтарда бұл көрсеткіш 80-85% - ға дейін жетеді. Алайда, мұндай шаруашылықтар өте аз. Табиғаты қатал, қысы суық, аптапты жазы бар жерлерде, жыл бойы ашық далада жайып, құлын алу түсімін үнемі жоғары дәрежеде ұстау үшін жылқы шаруашылығында бірінші зоотехникалық іс-шараларды өз уақытында жүргізіп, бағып-күту технологиясын жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Жылқы шаруашылығының сапалы өнімдік көрсеткіштерін жақсарту үшін бірінші кезекте шаруашылықтарды белгілі бір бағытқа мамандандыру, үйлестіру мен асылдандыру жұмыстарын жолға қою қажет. Елімізде осы бағыттарда жүргізілген үлкен практикалық тәжірибе нәтижелері шаруашылық жүргізудің экономикалық тиімділігін арттыруға болатынын дәлелдеп берді.

ANNOTATION

At present, characterizing the production of horse meat in the country, we observe that the reserve of horse breeding is still not fully used. The main reserve for the production of horse meat is the reproduction of horses. In many horse breeding farms, the yield of foals per 100 heads of mares does not exceed 45-50%. This is a very low figure. Therefore, it is necessary to increase the proportion of highly productive stallions and mares.

There are farms in the country that are provided with all material bases and selection and breeding work has been set up. In these farms, the yield of foals is 70%, and in advanced farms, where they are deeply engaged in breeding work, this figure is up to 80-85%. In order to preserve the livestock and increase the number of foals obtained when keeping herd horses in harsh natural and climatic conditions, it is necessary to carry out zootechnical measures in a timely manner and always improve the keeping technology.

To improve quality indicators specialization, concentration and development of selection is necessary. In the country the results of ongoing scientific and practical work in this area show an improvement in the economic efficiency productive horse breeding.

Түйін сөздер: жылқы шаруашылығы, жылқы еті, экономика, өндіріс, өзіндік құн, шығын, пайда, тауарлық, мамандану.

Key words: horse breeding, horsemeat, economy, production, cost price, cost, profit, marketability, specialization

Кіріспе. Шаруа қожалықтар экономикасы - аграрлық өндірістің сан-қырлы сырларын зерттейтін аграрлы экономикалық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналады [1]. Оның ішінде, табынды жылқы шаруашылығы экономикасы өз алдына бір бөлек аграрлық өндірістің жағдайы мен өндіріске әсер ететін факторларын, шаруашылық жүргізу есептері мен рационалды пайдалану түрлерін оқып зерттейді [2]. Аграрлық өндіріс саласының бірінші ерекшелігі, сол өндірісте тірі ағзалар мен биологиялық ресурстарды қолдану [3]. Біздің ғылыми мақаламызға арқау болатын, жыл бойы ашық далада жүріп, ешқандай артық шығынсыз пайда әкелетін өнімдік бағыттағы жылқы шаруашылығының тиімді нәтижелерін тәжірибе жүзінде бақылау жүргізіп, шаруашылықтың даму жолдарын жан-жақты талдау уақыт талабы – деп білеміз.

Көптеген зерттеушілердің пікірінде, жылқы етін байлаулы-жайылымдық жағдайда, өндіріс шығыны көп екенін айтады [4-9]. Шауып әкелінген көлемді азықты жылқыға қарағанда көпкамралы, ас-қорыту жүйесі күшті ірі қара малы қолайлы көреді, ал, жылқы жануары басқа малға қарағанда табиғи шөптермен қоректенуде артықшылығы бар – деген пікірлерде бар [10].

Алайда, еліміздің барлық аймағында рентабелді жылқы еті өндірісін жабағы, тай-құнандар, бракқа кететін ересек биелерді жайып семірту мен бордақылау арқылы дамытуға болады. Жылқы төлінің биологиялық ерекшелігі, ол жас кезінде жемшөп шығынын жақсы өтейді және өсу қарқыны өте жоғары. Сол себепті, осы жылқының биологиялық ерекшеліктерін мейлінше тиімді пайдалану, ет өндірісін дамытуға үлкен серпін береді.

Жылқылардың биологиялық ерекшелігі, оның ішінде көбею функциясы жыл сайын әрбір биеден құлын алуға мүмкіндік береді [11]. Жыл сайын әрбір биеден құлын алу тек қана ет өндірісіне тиімді емес, сонымен жылқы басын көбейтуге де ықпалы зор, сондықтан көктемде шағылыс науқанын жақсы ұйымдастыра білу керек [12].

Жабағыларды бағып-күту технологиясы әрбір қожалықтың табиғи климаттық, шаруашылық жағдайына байланысты, қары қалың, қысы қатты аймақтарда жабағыларды қараша, желтоқсан айларында енесінен бөліп алып, қорада қосымша жемшөппен бағады, ал, қары аз түсетін, қысы жылы жақтарда жабағылар енесінен бөлінбей бірге жайылып шығады. Осы жағдайларға байланысты жылқы төлін 1,5 және 2,5 жасқа дейін өсіріп етке өткізу үшін, бірінші қожалықтың материалдық базасымен қатар, жемшөп қоры, негізгі табын жайылымынан басқа еркек тай – құнандарды бөлек бағып жаятын қосымша жайылым болуын, соған сәйкес оны бағатын жұмыс күшін қажет ететіні белгілі.

Жасына немесе басқа да себептерге байланысты негізгі табыннан бөлініп алынған ересек биелер мен бракқа шыққан жылқылардың қондылығы үнемі жоғары болмайды,

сондықтан оларды бордақыға қойып, күйін көтеріп етке өткізу әжептәуір пайда беретінін айтуға болады. Бордақы алаңындағы ересек жылқылар бұлшық етін өсіру мен май жинау есебінен қосымша салмақ береді [13].

Деректер мен зерттеу әдістері. Зерттеулерге деректер ретінде еліміздегі әртүрлі табиғи климаттық, шаруашылық жағдайына байланысты жылқы етін дайындаумен айналысатын шаруа қожалықтарының өндірістік және қаржылық қызметтерінен талдау мәліметтері алынды.

Зерттеу кезеңіне байланысты шаруа қожалықтарының өндірістік және қаржылық талдаудың оперативті түрі (қожалықтың декада, айлық, тоқсандық және жылдық есебі) алынды. Еліміздің Алматы, Жетісу, Батыс Қазақстан мен Қызылорда облыстарындағы шаруа қожалықтарында жүргізілген бонитировка мен тәжірибелік бақылау нәтижелерінен деректер келтірілді.

6-8 айлық жабағыларды және кәрі биелерді етке өткізу, 1,5 жасар еркек тайларды етке өткізу және 2,5 жасар құнандарды және кәрі биелерді етке өткізуге жұмсалған шығындар мен табыстар бойынша салыстырмалы талдау жүргізіліп, шаруашылық жүргізудің экономикалық тиімділігі зерттелді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақстанда шаруа қожалықтарының 95-97% отандық қазақы, мұғалжар және көшім тұқымдарын өсіреді, қазақы биелермен басқа мініс тұқымдарының I ұрпақ будандары кездеседі. Біздің зерттеуімізде елімізде жылқы өсіретін шаруа қожалықтарында қалыптасқан экономикалық жағдайды салыстырмалы түрде зерттеп ерекшеліктерін атап өту.

Етті бағыттағы жылқы шаруашылығының дамуына әсер ететін басты факторлардың бірі – жоғары экономикалық тиімділік [14].

Көптеген ғылыми зерттеулер деректерінде 1ц жылқы етінің өзіндік құны сиыр етінің көрсеткішімен салыстырғанда 2-2,2 есе, қой етіне қарағанда 1,5-1,8 есе төмен екенін көрсетеді [15-19]. Жылқы еті өндірісінің өзіндік құнының төмендігін бірінші кезекте, жылқы жыл бойы ашық далада жайылым шөбімен қоректенетінін, оның ішінде көлемді және құнарлы жемшөп тек ауру және күйі түскен нашар жылқылардың күйін көтеруге кететінін келтіреді. Сондықтан табынды жылқы шаруашылығында жемшөп шығыны аз болады [20]. Жылқыларға ашық және жабық қораны және зооветеринарлық іс-шаралар жүргізетін қондырғыны қарапайым арзан құрылыс материалдармен салынуына байланысты баланс құны төмен болатындықтан амортизациялық аударым мен ағымдағы жөндеу шығындарының аз болатынын көруге болады.

Қазақстанның әртүрлі табиғи климаттық жағдайына байланысты жылқыны бағып-күту технологиясы әртүрлі. Айталық, Жетісу облысы Алакөл ауданында ЖШС «АЛАКОЛ АСЫЛ ЗНҮЛҚЫСЫ» еліміздегі ең ірі жылқы шаруашылығы. Бұл шаруашылықта әр табында құлынымен есептегенде орташа есеппен 680-700 бас жылқы бар. Құлындар енесінен айырылмайды да екі жасарға шығар кезде, яғни көктемде жынысына қарай табындарға бөлініп бағылады. Құнандар 2,5 жасында күзде қыркүйек айында бордақы алаңына түсіп, семіздері ерте, күйлері орташалары бордақыда тұрып, қондылығы жоғарылағанда сатыла бастайды.

1 кестеде осы шаруашылықтың өндірістік шығындар құрылымы келтірілді.

Кесте 1 – ЖШС «АЛАКОЛ АСЫЛ ЗНҮЛҚЫСЫ» жылқы шаруашылығының өндірістік шығындар құрылымы

№ р/н	Шығындар	Көрсеткіштер, %
1	Еңбек ақы	83,6
2	Жемшөп	10,8
3	Амортизация	0,08
4	Ағымдағы жөндеу	0,3
5	Тікелей шығындар	3,3
6	Үстеме шығындар	1,92
7	Барлығы:	100,0

Кестедегі көрсеткіштер бойынша шығындардың ең көп үлесі еңбек ақыға (83,6 %) тиесілі. Кестедегі көрсеткіштер 2,5 жасар құнандардың жайып семірту кезеңінен алынған. Елімізде барлық шаруашылық жеке меншікте, олардың жұмысшыларға еңбек ақы төлеу тәртібі әртүрлі. Бұл шаруашылықта табындағы құлындар үшін еңбек ақы төлеу желтоқсан айынан басталады, қалған тайлар мен ересек жылқылардың әр басына айына 1500 тенгеден төленеді. Жемшөп шығынына сатып алынатын көлемді шөп, құнарлы жем және тұз енгізілген. Бұл шаруашылықта ағымдағы жөндеу жұмыстарына қыста су ішетін құдықтарды тазартулар жатса, тікелей шығындар сусорғыштар (насос) мен жанар май шығындарынан тұрады. Жалпы бір табыннан түсетін кірістің мөлшері орташа есеппен – 55 – 60 млн.теңге құрайды.

Бұл әрине, бір табыннан түсетін қосымша кірісті есептемегенде. Қосымша кіріске қымыздан, асылтұқымды құнандар сатудан түсетін қаржыны есептейтін болсақ, тағы 25-30 млн. теңге қаржыны қосуға болады. Мұндай қосымша табыстарды табу үшін қожалықтардан тиянақты, жоспарлы, тереңдетілген асылдандыру жұмыстарын жүргізу мәдениетін игеруді талап етеді.

Біз мысалға келтірген ЖШС «АЛАКОЛ АСЫЛ ЗНҮЛҚЫСЫ» жылқы шаруашылығының жылқыларды бағып-күту технологиясы жер рельефімен, жайылым көлемі мен құнарлығының жағдайына байланысты басқа шаруашылықтарға қарағанда өзгеше. Бұл шаруашылықта табындағы барлық үйірді алысқа жібермей, күнде таңертең жинақтап, жылқышылар кешке дейін жанында жүріп бағады. Сондықтан жылқышылардың айлық еңбек ақысы басқа шаруашылықтарға қарағанда өте жоғары. Шаруашылықтың рентабелділігі жоғары болуының басты себебі, бұл шаруашылықта жылқы етке 2,5 жасынан бастап шығарылады.

Еліміздің жылқы шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың 98-99 % жылқыны үйірлік әдіспен бағады, яғни жылқышылар әр үйірдің соңында күнде жүрмейді, ал жылқылар өз үйірімен шаруашылық территориясында жан-жақта өз бетінше жүреді. Оларды жылқышы әрбір 3-4 күн, тіпті апта сайын бір қарап қояды, соған сәйкес олардың еңбек ақысы жоғарыда аталған шаруашылыққа қарағанда аздау болады. Қысы қатты, қары қалың, ит-құсы көп болуына байланысты көптеген қожалықтар күзде жабағының көбісін сатып жібереді. Мұндай шаруашылықтарда жылқышыларға арнайы жабағыларды баққаны үшін еңбек ақы төленбейді, себебі олар туғаннан 7-8 айлыққа дейін енесінің сүтін еміп бірге жүреді. Еңбек ақы тек жалпы үйірлерді қадағалап, жылқы басын сақтағаны үшін төленеді. Сондықтан жылқыны бағып-күту технологиясының бұл әдісін біршама шаруа қожалықтары қолайлы – деп санайды.

Енді осындай технологияны таңдап алғаннан кейін, шаруа қожалықтарының мақсаты өзгеруі тиіс. Табынды жылқы шаруашылығының тиімділігін арттырудың басты резерві ретінде жыл басында алынатын құлын басының көбеюіне мән береді. Ол мақсат - табындағы бие үлесінің артуына мән беру, яғни бие үлесін 45-50 %-ға дейін жеткізу.

Табында аналық бастың көбеюіне байланысты екінші талап – ол жылқы басының көбеюіне ұмтылу, яғни әрбір биеден құлын алып, олардың басын аман-сақтап өсіре білу. Жылқы шаруашылығындағы экономикалық көрсеткіштердің бірі – өсірілген құлын түсімі. Бұл көрсеткіштің жылқы еті өндірісі мен өзіндік құнына әсер ету үлесі зор.

Табынды жылқы шаруашылығында асылдандыру жұмыстарының маңызын қысқаша экономикалық жағынан қарастырып зерделейік. Еліміздегі қазақы жылқыларын өсіретін шаруашылықтар арасында іс-жүзіндегі көрсеткіштердің орташа мәні алынып отыр.

2-кестедегі көрсеткіштер көптеген шаруашылықтардың қазіргі жағдайынан алынды. Көрсеткіштер бойынша асылдандыру жұмыстарын ұдайы жүргізіп келе жатқан шаруашылықтардың орташа құлын алу түсімі 84%, олардың арасында бұл көрсеткіш 92%-ды, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда кейбір үйір бойынша 100% құлын беретіні кездеседі. Біздің тәжірибемізде ғылыми негізде іріктеу мен жұптау жұмыстары жүргізілмеген шаруашылықтарда 3-күндік құлын салмағы орташа есеппен 38,8 кг-ды құраса, асылтұқымды шаруашылықтарда 42,3 кг-ды құрап отыр. Екі категориялы шаруашылықтарда 6 айлық жабағылардың тірілей салмақ айырмашылығы 26,9кг, ал, бұл айырмашылық 1,5 жаста 45,3 кг-ға, 2,5 жаста 60,1 кг-ды құрап отыр.

Кесте 2 – Әртүрлі категориялы шаруашылықтың экономикалық деңгейі

№ р/н	Көрсеткіштер	Тауарлы шаруашылықтар	Асылтұқымды шаруашылықтар
1	Бие саны, бас	100	100
2	Құлын алу түсімі, %	58,2	84,4
3	Құлынның 3-күндік тірілей салмағы, кг	38,8	42,3
4	6 айлық жабағының тірілей салмағы, кг	155,6	182,5
5	18 айлық еркек тайдың тірілей салмағы, кг	243,4	288,7
6	30 айлық құнандардың тірілей салмағы, кг	322,2	382,3

Асылдандыру жұмысының экономикалық тиімділігін анықтау барысында бірінші қандай да бір жас аралығында төлдердің тірілей салмақтарының айырмашылығы мен алынған төлдің саны есепке алынады. Қазіргі кезде көптеген жылқы шаруашылықтарда үйірде бір бас айғырға 20 бас биеден алады. Кестеде көрсетілгендей ешқандай селекциялық жұмыс жүрмейтін шаруашылықтарда 20 бас биеден 10 бас құлын алынатын болса, асылтұқымды шаруашылықтарда 20 бас биеден 17 бас құлыннан келіп тұр, яғни 6 бас құлын артық алып тұр.

3-кестедегі көрсеткіштер бойынша бір үйірдегі асылтұқымды жылқылардың артықшылығы осындай болса, бір табында 25-30 үйірге дейін болады, сонда асылтұқымды жылқылардың артықшылығын табын бойынша қанша табыс әкелетінін есептеп шығаруға болады. Кестедегі көрсеткіштерді сипаттайтын болсақ, жылқы төлін 6-8 айлық жабағы кезінде етке өткізгенге қарағанда 30 айлық кезінде өткізудің тиімді екенін көріп отырмыз. Асылтұқымды шаруашылықтарда еркек тай мен құнандарды тұқымдыққа сататын болса, бұл баға екі есеге артады. Қазіргі кезде 1,5 жасар асылтұқымды тайлар 700 000,0 теңгеге сатылып жүр, 2,5 жасар құнандар 1000000,0 теңге саудаланып жүргенін білеміз.

Кесте 3 – Асылдандыру жұмыстың экономикалық тиімділігі

№ р/н	Көрсеткіштер	Айырмашы лық +/-	Нарықтағы тірілей салмақтың орташа бағасы, тг	Бір бастан түсетін артық табыс, тг	Бір үйірдегі артық төл саны, бас	Асылтұқым ды үйірден түсетін артық табыс, тг
1	6 айлық жабағының тірілей салмағы, кг	+26,9	1500,0	40350,0	7	282450,0
2	18 айлық еркек тайлардың орташа тірілей салмағы, кг	+45,3	1500,0	67950,0	7	475650,0
3	30 айлық құнандардың орташа тірілей салмағы, кг	+60,1	1500,0	90150,0	7	631050,0

Мақалада келтірілген деректер жыл бойы ашық далада бағып-күтілетін табынды жылқы шаруашылығында асылдандыру жұмыстарының маңызы мен экономикалық тиімділігі жоғары болатыны түсіндіріледі. Соның ішінде жылқы өсіретін шаруа қожалықтарының жылқы төлін 6-8 айлық жабағы кезінде емес, оларды 2,5 жасында етке және тұқымдыққа сатуға мамандануын ұсыныс ретінде жеткізіп отырмыз.

Қорытынды. Мақалада еліміздің әртүрлі өңірінде өсірілетін қазақы жылқы тұқымының экономикалық көрсеткіштері келтірілген. Елімізде өсірілетін отандық жылқы тұқымдарының бәрі дерлік ет-сүт бағытындағы жылқылар, соның ішінде ет бағытында жұмыс жүргізетіні 98-99%-ды құрайды. Жылқының өнімдік қасиеттерін селекциялық – генетикалық параметрлері бойынша зерттеу нәтижелерінде ет өнімділігінің басты белгісі тірілей салмақ пен

сүттілігі арасында үнемі жоғары оң корреляция. Сондықтан бие неғұрлым салмақты келсе, соған сәйкес соғұрлым сүтті болатыны белгілі, оның нәтижесі ет өнімділігі де артатыны белгілі.

Өнімдік бағыттағы жылқы шаруашылықтарында өндірістік шығындар құрылымы бойынша ең көп шығын еңбек ақы үлесіне тиесілі екені белгілі болды. Табынды жылқыларды бағып-күтуге кететін еңбек ақы шығыны мен қаржылық-материалдық шығынның төмен мөлшері еліміздің барлық өңірінде жылқы шаруашылығын рентабелді жүргізуге болатынын көрдік. Жылқы шаруашылығын қандай да бір бағытта мамандануға ұсыныс бере отырып, республикамыздың әр облысында экологиялық таза жылқы етін өндіруге бағытталған екі маманданған шаруашылықтарды іріктеп алуға кеңес береміз.

Еліміздің жылқы шаруашылықтарына экономикалық талдау жүргізе отырып, экологиялық таза жылқы етін өндіру үшін әр облыста 2,5-3 жасар құнан-дөненге дейін өсіре алатын, маманданған шаруашылық жағдайын жасауға ықпал ететін іс-шаралар жүргізуді ұсынамыз.

Жылқы шаруашылығы саласының алдында тұрған стратегиялық мақсат отандық Жылқы тұқымдарының тектік қорын тұрақты дамыту, сақтау және жетілдіру үшін экономикалық, құқықтық және ұйымдық-технологиялық жағдайлар жасау, сондай-ақ олардың ішкі және әлемдік рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Ол үшін жылқы фермаларының өндірістік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ жылқы шаруашылығының қаржылық өзін-өзі қамтамасыз етуін қалыптастыру қажет.

Табынды жылқы шаруашылығын дамытудың негізгі міндеттері: репродуктивті жастағы асыл тұқымды биелердің санын көбейту, құлындардың іскерлік шығымын арттыру, жылқылардың асыл тұқымдық және өнімділік сапасын жақсарту, жылқы шаруашылығын жүргізудің ұйымдастырушылық-технологиялық тәсілдерін жақсарту және т. б.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Петренко И.Я., Экономика крестьянского хозяйства / Петренко И.Я., Чужинов П.И., Исмуратов С.Б. // -М.: Интерпракс, 1995. – 285 с.
- 2 Барминцев, Ю.Н. Резервы продуктивного коневодства - в действии / Ю.Н. Барминцев // Коневодство и конный спорт. -1984. -№10. - С. 2-3.
- 3 Бозымов К.К. Технология производства продуктов животноводства / Е. Насамбаев, В.И. Косилов // Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана. Уральск, 2016. –Т. 1.- 399 с.
- 4 Барминцев, Ю.Н. В табунном коневодстве / Ю.Н. Барминцев, А. Никонова// Коневодство и конный спорт». - 1983. - №3. - С. 10-11.
- 5 Ватутин, В. Эффективность табунного коневодства / В. Ватутин // Коневодство и конный спорт. - 1975.- №8.-С. 7 - 11.
- 6 Дербисалин, А. Эффективность нагула помесей. / А. Дербисалин, Н. Кикебаев // Коневодство и конный спорт. - 1986. - №8. - С 6-7.
- 7 Жумагулов, А.. И кумыс, и конина / А. Жумагулов // Коневодство и конный спорт. - 1978. - №3. - С. 16 - 20.
- 8 Кударменов, А. Продуктивное коневодство в Горном Алтае / А. Кударменов // Коневодство и конный спорт. - 2000. - №1. - С. 23-24.
- 9 Нечаев, И. Поведение табунной лошади / И. Нечаев, Н. Анашина // Коневодство и конный спорт. - 1984. - №2.- С. 16 - 21.
- 10 Ковешников, В. Перспективы мясного коневодства Западном Казахстане/ В. Ковешников, 10. Куратов, Б. Джумашев // Коневодство и конный спорт. - 1970. - №8.- С. 8-9.
- 11 Нечаев, И. Нагул мясных лошадей / И. Нечаев // Коневодство и конный спорт. - 1967. - №12. - С. 5 – 9.
- 12 Нечаев, И. Продуктивные качества дончаков / И. Нечаев, Б. Амаров // Коневодство и конный спорт. - 1977. - №9. - С. 16 - 19.
- 13 Нурушев, М. Откорм лошадей на комплексе / М. Нурушев // Коневодство и конный спорт. - 1983. - №10.- С. 27 - 32.

- 14 Рзабаев С. Мясные качества кушумских лошадей / С. Рзабаев // Коневодство и конный спорт. - 1974. - №11. - С. 7- 11.
- 15 Садыков, Б. Осенний нагул и мясные качества лошадей/Б.Садыков, А. Винарский // Коневодство и конный спорт. - 1962. - № 11. - С. 20-21.
- 16 Турабаев А.Т. Казахская лошадь – основа племенного коневодства Казахстана/ А.Т. Турабаев, С.С. Рахманов, Д.М. Нурмаханбетов // Зоотехния. – 2017. – №8. – С. 21 – 25.
- 17 Нурушев М.Ж., Мырзалы Г.М. Методология создания новых и совершенствования существующих типов казахских лошадей // Уалихановские чтения-19: Сборник материалов международной научно-практической конференции, Кокшетау. – 2015. – С. 36 - 41.
- 18 Найманов Д.К., Турабаев А., Селеуова Л.А. Табунное коневодство // Учебное пособие, Костанай. – 2018. – 234 с.
- 19 Селеуова Л.А., Брель-Киселева И.М., Сафронова О.С. Современное состояние и перспективы развития племенного коневодства в Республике Казахстан. Материалы международной научно-практической конференции Science Without Borders – 2017, г. Шеффилд, Великобритания. – С. 99-104.
- 20 Брель-Киселева И.М., Сафронова О.С. Правила ведения учета данных в племенном коневодстве // Пособие, изд-во: КГУ имени А.Байтурсынова, – 2017. – 185 с.
- 21 Коневодство: учебное пособие для обучающихся направления подготовки 36.03.02 Зоотехния /сост. Т.М.Горбовская; ФГБОУ ВО Приморская ГСХА; –Уссурийск, 2018. – 103 с.
- 22 Бондин И. Прогнозирование себестоимости продукции основа развития сельского хозяйства. // Международный сельскохозяйственный журнал. - 2011. - №2. -С. 5 - 8.
- 23 Парфенов В. А. Проблемы племенного разведения в отечественном коневодстве. // Коневодство и конный спорт. 2006. - № 3. - С.6 -7.
24. Иванов, Р. В. Усовершенствование технологических методов устойчивого развития мясного табунного коневодства в Республике Саха // Иппология и ветеринария // 2019 - №1 (31). – С. 28 - 36.
- 25 Осипов, В. Г. Разработка технологии эффективного размещения конепоголовья лошадей по отдалённым кормовым угодьям // Иппология и ветеринария // 2019 - №1 (31). – С. 42 - 49.
26. Колосов Ю.А. Коневодство. Учебник. Донской государственный аграрный университет, 2010 г. – 136 с.
- 27 Нурмаханбетов Д.М. Достижения продуктивного коневодства в Казахстане и его перспектива // Четвертая Международная научно-практическая конференция «Коневодство и верблюдоводство – традиционные отрасли животноводства Казахстана», Костанай. – 2013. – С. 40.- 45.

REFERENCES

- 1 Petrenko I.YA., Ekonomika krestyanskogo hozyajstva / Petrenko I.Ya., Chuzhinov P.I., Ismuratov S.B. // -М.: Interpraks, 1995. – 285 st.
- 2 Barmincev, YU.N. Rezervy produktivnogo konevodstva - v dejstvii / Yu.N, Barmincev// Konevodstvo i konnyj sport. -1984. -№10. - St. 2-3.
- 3 Bozymov K.K. Tekhnologiya proizvodstva produktov zhivotnovodstva / E. Nasambaev, V.I. Kosilov // Zapadno-Kazahstanskii agrarno-tekhnicheskii universitet imeni Zhangir hana. Uralsk, 2016. –Т. 1.- 399 st.
- 4 Barmincev, Yu.N. V tabunnom konevodstve / YU.N. Barmincev, A. Nikonova // Konevodstvo i konnyj sport». - 1983. - №3. - St. 10-11.
- 5 Vatutin, V. Effektivnost tabunnogo konevodstva /V. Vatutin // Konevodstvo i konnyi sport. - 1975.- №8.-St. 7 - 11.
- 6 Derbisalin, A. Effektivnost nagula pomesej./A. Derbisalin, N. Kikebaev // Konevodstvo i konnyj sport. - 1986. - №8. - St 6-7.
- 7 ZHumagulov A.. I kumys, i konina / A. Zhumagulov // Konevodstvo i konnyi sport. - 1978. - №3. - St. 16 - 20.

- 8 Kudarmenov A. Produktivnoe konevodstvo v Gornom Altae/A. Kudarmenov// Konevodstvo i konnyj sport. - 2000. - №1. - St. 23-24.
- 9 Nechaev I. Povedenie tabunnoi loshadi / I. Nechaev, N. Anashina // Konevodstvo i konnyj sport. - 1984. - №2.- S. 16 - 21.
- 10 Kovesnikov V. Perspektivy myasnogo konevodstva Zapadnom Kazahstane/ V. Kovesnikov, Kuratov, B. Dzhumashev // Konevodstvo i konnyj sport. - 1970. - №8.- St. 8-9.
- 11 Nechaev, I. Nagul myasnyh loshadei / I. Nechaev // Konevodstvo i konnyj sport. - 1967. - №12. - St. 5 – 9.
- 12 Nechaev, I. Produktivnye kachestva donchakov / I. Nechaev, B. Amarov // Konevodstvo i konnyj sport. - 1977. - №9. - S. 16 - 19.
- 13 Nurushev, M. Otkorm loshadei na komplekse / M. Narushev // Konevodstvo i konnyj sport. - 1983. - №10.- St. 27 - 32.
- 14 Rzabaev S. Myasnye kachestva kushumskih loshadej / S. Rzabaev // Konevodstvo i konnyj sport. - 1974. - №11.- St. 7- 11.
- 15 Sadykov B. Osennij nagul i myasnye kachestva loshadej / B.Sadykov, A. Vinyarskij // Konevodstvo i konnyj sport. - 1962. - № 11.- S. 20-21.
- 16 Turabaev A.T. Kazhskaya loshad – osnova plemennogo konevodstva Kazahstana/ A.T. Turabaev, S.S. Rahmanov, D.M. Nurmahanbetov // Zootekhniya. – 2017. – №8. – S. 21 – 25.
- 17 Nurushev M.ZH., Myrzaly G.M. Metodologiya sozdaniya novyh i sovershenstvovaniya sushchestvuyushchih tipov kazhskih loshadei // Ualihanovskie chteniya-19: Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, Kokshetau. – 2015. – St. 36 - 41.
- 18 Najmanov D.K., Turabaev A., Seleuova L.A. Tabunnoe konevodstvo // Uchebnoe posobie, Kostanaj. – 2018. – 234 st.
- 19 Seleuova L.A. Sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya plemennogo konevodstva v Respublike Kazahstan. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii Science Without Borders – 2017, g. Sheffield, Velikobritaniya. – St. 99-104.
- 20 Brel'-Kiseleva I.M., Safronova O.S. Pravila vedeniya ucheta dannyh v plemennom konevodstve // Posobie, izd-vo: KGU imeni A.Bajtursynova, – 2017. – 185 st.
- 21 Konevodstvo: uchebnoe posobie dlya obuchayushchihsya napravleniya podgotovki 36.03.02 Zootekhniya /sost. T.M.Gorbovskaya; FGBOU VO Primorskaya GSKHA; –Ussurijsk, 2018. – 103 st.
- 22 Bondin I. Prognozirovaniye sebestoimosti produkcii osnova razvitiya sel'skogo hozyajstva. // Mezhdunarodnyj sel'skohozyajstvennyj zhurnal. - 2011. - №2. -St. 5 - 8.
- 23 Parfenov V. A. Problemy plemennogo razvedeniya v otechestvennom konevodstve.// Konevodstvo i konnyj sport. 2006. - № 3. - St.6 -7.
- 24 Ivanov R. V. Usovershenstvovanie tekhnologicheskikh metodov ustojchivogo razvitiya myasnogo tabunnogo konevodstva v Respublike Saha // Ippologiya i veterinariya // 2019 - №1 (31). – St. 28 - 36.
- 25 Osipov, V. G. Razrabotka tekhnologii effektivnogo razmeshcheniya konepogolov'ya loshadej po otdalyonnym kormovym ugodyam // Ippologiya i veterinariya // 2019 - №1 (31). – St. 42 - 49.
26. Kolosov YU.A. Konevodstvo. Uchebnik. Donskoj gosudarstvennyj agrarnyj universitet, 2010 g. – 136 s.
- 27 Nurmahanbetov D.M. Dostizheniya produktivnogo konevodstva v Kazahstane i ego perspektiva // CHetvertaya Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya «Konevodstvo i verbyudovodstvo.

РЕЗЮМЕ

Проводя анализ современного состояния производства конины, можно заметить, что во многих хозяйствах страны до сих пор не до конца используются имеющиеся резервы. Одним из главных резервов производства конины является воспроизводство лошадей. Мы видим, что во многих коневодческих хозяйствах выход жеребят от 100 кобыл не превышает 45-50%. Это

очень низкий показатель. Поэтому необходимо увеличить долю кобыл и жеребцов, пригодных для размножения.

В стране имеются хозяйства с необходимой материальной базой и налаженной племенной работой. В этих хозяйствах от каждых 100 кобыл в среднем 70%, а в хозяйствах с углубленным проведением некоторых селекционных работ и зоотехнических мероприятий этот показатель достигает 80-85%. Однако таких хозяйств очень мало. В местностях с суровой природой, холодной зимой, жарким летом, круглогодично пасущихся в открытом грунте, для постоянного поддержания высокого выхода жеребят необходимо своевременно проводить зоотехнические мероприятия в коневодстве, совершенствовать технологию содержания.

Для улучшения качественных продуктивных показателей коневодства в первую очередь необходимо специализировать хозяйства на определенных направлениях, наладить координацию и племенную работу. Результаты большого практического опыта, проведенного в этих направлениях в стране, доказали, что можно повысить экономическую эффективность хозяйствования.

УДК 636.295/296.637.12
МРНТИ 68.00.00

DOI 10.56339/2305-9397-2022-3-2-86-94

Алибаев Н., доктор сельскохозяйственных наук, профессор биологии, **основной автор**
<https://orcid.org/0000-0002-1347-4147>

ТОО «Юго-Западный научно-исследовательский институт животноводства и растениеводства»
г. Шымкент, Каратауский район, п. Тассай, ул. О.Есалиева, 1-А, 160031, Казахстан, nuradin@mail.ru

Абдуллаев К.Ш., кандидат сельскохозяйственных наук, <https://orcid.org/0000-0001-6025-9709>
ТОО «Юго-Западный научно-исследовательский институт животноводства и растениеводства»
г. Шымкент, Каратауский район, п. Тассай, ул. О.Есалиева, 1-А, 160031, Казахстан,
Konis_354@mail.ru

Абуов Г.С., магистр техники и технологии, <https://orcid.org/0000-0001-7258-893X>
ТОО «Юго-Западный научно-исследовательский институт животноводства и растениеводства»
г. Шымкент, Каратауский район, п.Тассай, ул. О.Есалиева, 1-А, 160031, Казахстан, galymjan-75@mail.ru

Ермаханов М.Н., кандидат сельскохозяйственных наук, <https://orcid.org/0000-0003-3311-4453>
ТОО «Юго-Западный научно-исследовательский институт животноводства и растениеводства»
г. Шымкент, Каратауский район, п. Тассай, ул. О.Есалиева, 1-А, 160031, Казахстан,
men.mail71@mail.ru

Alibaev N., Doctor of Agricultural Sciences, Professor of Biology, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-1347-4147>

LLP «South-Western Research Institute of Animal Husbandry and Plant Growing» Shymkent, Karatau district, Tassay settlement, st. O. Esalieva, 1-A, 160031, Kazakhstan, nuradin@mail.ru

Abdullaev K.Sh., Candidate of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0000-0001-6025-9709>
LLP «South-Western Research Institute of Animal Husbandry and Plant Growing» Shymkent, Karatau district, Tassay settlement, st. O. Esalieva, 1-A, 160031, Kazakhstan, Konis_354@mail.ru

Abuov G.S., Master of Engineering and Technology, <https://orcid.org/0000-0001-7258-893X>
LLP «South-West Research Institute of Animal Husbandry and Plant Growing» Shymkent, Karatau district, Tassay settlement, st. O. Esalieva, 1-A, 160031, Kazakhstan, galymjan-75@mail.ru

Ermakhanov M.N., Candidate of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0000-0003-3311-4453>
LLP «South-Western Research Institute of Animal Husbandry and Plant Growing» Shymkent, Karatau district, Tassay settlement, st. O. Esalieva, 1-A, 160031, Kazakhstan, men.mail71@mail.ru